

## **ҚР-да паразиттік аурулар бойынша 2019-2020ж. 8 айындағы қысқаша эпидахуал**

2020 жылдың 8 айында 13 нозология бойынша протозооздардан - 13% гельминтоздар – 87% басым паразитоздардың барлығы 4 248 оқиғасы тіркелді (2019ж. – 7 484 оқиға).

Соңғы 5 жыл ішінде паразитарлық аурулармен сырқаттанушылықтың төмендеу үрдісінің сақталуын байқаймыз. 2020 жылдың 8 айында гельминтоздармен және протозооздармен сырқаттанушылықтың республикалық көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 41,0-мен салыстырғанда (2019ж.8 айы) 22,8-ді құрды, 1,8-есеге төмендеді. Күрт төмендеу COVID-19 бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық ахуалға байланысты болуы мүмкін, бұл паразитарлық аурулар оқиғаларын есептеуге және тіркеуге, оларға қарсы профилактикалық іс-шаралардың тиімділігіне кері әсер етуде.

Нозологиялар бойынша токсоплазмозбен (+4 оқиға) және тенозбен (+1 оқиға) сырқаттанушылықтың артуы және описторхозбен, лямблиозбен, аскаридозбен, энтеробиозбен сырқаттанушылықтың 30%-дан астам артқаны байқалуда.

Сондай-ақ 2020 жылдың 8 айында 14 жасқа дейінгі балалар арасындағы паразитарлық аурулармен сырқаттанушылық бойынша республикалық көрсеткіштің 1,5 есеге төмендегені байқалды (2020ж. 100 мың адамға шаққанда – 70,0; 2019ж. – 105,6).

2020 жылдың 8 айында ҚР халқының жұқпалы тері аурулары (қышыма және дерматомикоздар) бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты деп бағалануда. Есептік кезеңде қышымамен және дерматомикоздармен сырқаттанушылықтың республикалық жиынтық көрсеткіші 1,5 есеге төмендеді: 2020 ж. 100 мың адамға шаққанда - 40,6; 2019 ж. 100 мың адамға шаққанда -61,6.

2020 жылдың 8 айында трансмиссивті паразитарлық аурулар тобында үш нозология: кене вирусты энцефалиті (29 оқиға), Лайм ауруы (12 оқиға), тері лейшманиозы (10 оқиға) тіркелді. Трансмиссивті инфекциялармен сырқаттанушылықтың көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 2020 жылдың 8 айында 0,27- ні, жылдың 8 айында 0,33-ті құрды. Сырқаттанушылықтың төмендеуі кене энцефалитінің (- 4 оқиға) және Лайм боррелиозының (- 8 оқиға) есебінен орын алды. Бұл кезде лейшманиозбен сырқаттанушылықтың артуы тіркелді (+7 оқиға).

Эпидмаусым басталысымен кене энцефалитіне және Лайм боррелиозына апталық мониторинг жүргізілуде. Эпидмаусым басталған кезде кененің шағуына байланысты медициналық мекемелерге 9402 адам жүгінді. 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда кененің шағуына байланысты адамдардың шағымдануы 22,5%-ға төмендегені байқалуды (2019ж. – 12 127 оқиға). Кененің шағуына байланысты аумақтар бойынша Шығыс Қазақстан облысына 39,0% тиесілі, Алматы облысына – 31,5%, Алматы қ. – 20,1%, Ақмола облысына – 3,9%, Солтүстік Қазақстан облысына – 3,7% және Қостанай облысына – 1,9% тиесілі. Кененің шағуынан зардап шеккендердің арасында 14 жасқа дейінгі балалардың үлес салмағы 46,5%-ды құрады (4 376 адам).